"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТАПО ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИКОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN
Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

25.03.2021-ғы № 03-18/1318 шығыс хаты

«Аксу Проектстрой» ЖШС

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*бұдан әрі - Департамент)* тарапынан, Сіздің 03.03.2021 жылғы №№89536, 89477, 88696 санды өтініштеріңізге сәйкес,«Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) ұйымдастырылған №5300877-2, №5300874-2, №5300903-2 «Конкурстық құжаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алулар» (бұдан әрі - Конкурс) ашық конкурстарының заңдылығына камералдық бақылау жұмыстары жүргізіліп келесілер анықталды.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 9 бабының 1 тармағының 4 тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларында көзделген біліктілік талаптары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен белгіленеді.

Камералдық бақылау жүргізу барысында, конкурстық құжаттаманың 1-3 қосымшасында (Әлеуетті өнім берушіге ұсынылған біліктілік талаптары құрылыс байланыс емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде) әлеуетті өнім берушілерге материалдық және еңбек ресурстарына біліктілік талаптары белгіленген, атап айтқанда :

Материалдық ресурстары

1) *Бульдозеры при сооружении магистральных трубопроводов, 303 кВт (410 л.с) – 1 бірлік;*
2) *Укладчики асфальтобетона – 1 бірлік;*
3) *Катки дорожные самоходные гладкие, 8 т – 1 бірлік;*
4) *Вибратор глубинный – 3 бірлік;*
5) *Катки дорожные самоходные на пневмоколесном ходу, 16 т – 3 бірлік;*
6) *Щебнераспределитель (ширина посыпки от 250 мм до 3000 мм) размеры(дл.2900мм. шир.3300мм. выс.2000мм.) – 2 бірлік;*
7) *Экскаватор траншейный цепной (ширина отвала 2290 мм, высота отвала 625 мм, макс.глубина 1,6 мм,) – 2 бірлік;*
8) *Катки дорожные самоходные гладкие, 13 т– 2 бірлік;*

25.03.2021 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

9) Автогрейдеры среднего типа (160 кВт 215 л.с) – 1 бірлік;
10)Автогудронаторы, 3500 л– 1 бірлік;
11) Автомобили самосвалы с выше 15 т – 3 бірлік;
12) Котел битумный прицепной 2000 л– 1 бірлік;

Еңбек ресурстары

1) оператор эксковатора – 2 бірлік;
2) Водитель грузовых автомобилей– 3 бірлік;
3) Инспектор по ТБ – 2 бірлік;
4) оператор автогрейдера – 1 бірлік;
5) оператор катка – 3 бірлік;
6) Тракторист-машинист – 2 бірлік;
7) оператор асфальтоукладчика – 1 бірлік;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағидалар)* 150-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп таныла алмайды), егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі келесі негіздемелер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалған болса:

- конкурстық құжаттаманың 5, 5-1, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы.

- конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы.

28.02.2021 жылғы Қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші «Аксу Проектстрой» ЖШС-нің өтінімі төмендегідей себептермен шеттетілген «*Непредставление электронного документа (документов) для подтверждения соответствия квалификационным требованиям потенциального поставщика и (или) привлекаемого им субподрядчика (соисполнителя) работ либо услуг, Установления факта несоответствия квалификационным требованиям на основании информации, содержащейся в документах, предоставленных потенциальным поставщиком для подтверждения его соответствия квалификационным требованиям: не представленымашины механизмы и автотранспортные средства: Экскаватор траншейный цепной (ширина отвала 2290 мм, высота отвала 625 мм, макс.глубина 1,6 мм,)- 2 ед, Вибратор глубинный, Катки дорожные самоходные на пневмоколесном ходу, 16 т, Щебнераспределитель (ширина посыпки от 250 мм до 3000 мм) размеры (дл.2900мм. шир.3300мм. выс.2000мм.)-1ед, Бульдозеры при сооружении магистральных трубопроводов, 303 кВт (410 л.с), Автомобили самосвалы с выше 15 т-1 ед., Катки дорожные самоходные гладкие, 13 т -1ед.и трудовые ресурсы:оператор эксковатора - 1 чел., оператор катка - 2 чел., Тракторист-машиниста, Водитель грузовых автомобилей - 2 чел.*»

Алайда, әлеуетті өнім беруші «Ақсу Проектстрой» ЖШС-нің конкурстық өтінімін зерделеу барысында, осы әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтерінде материалдық және еңбек ресурстары толық көлемде ұсынылмағандығы анықталды, атап айтқанда:

Конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілерге жалпы алғанда 21 бірлік материалдық ресурстар талап етілген.Ал әлеуетті өнім беруші «Ақсу Проектстрой» ЖШС-нің конкурстық өтінімінің біліктілігі туралы мәліметтерінде 14 бірлік материалдық бірлік ұсынылған.

Сондай-ақ, конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілерге 15 бірлік еңбек ресурстары талап етілген.Алайда әлеуетті өнім беруші «Ақсу Проектстрой» ЖШС-нің конкурстық өтінімінің біліктілігі туралы мәліметтерінде 7 бірлік еңбек ресурстары ұсынылған.

Осыған орай, Конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Ақсу Проектстрой» ЖШС-нің конкурстық өтінімін Қағиданың 150-тармағына сәйкес конкурстарға қатысудан шеттеткен.

Жоғарыдалардың негізінде, Сіздің өтінішіңіздегі уәждемелер өз дәлелін таппағанын мәлімдейміз.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес қабылданған шешімімен келіспеген жағдайда, сіздің жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқығыңыз бар.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚР Заңының 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшының орынбасары **Т.Тултебаев**

Орындаған. Бейсенбай К.У.
Тел: 35-00-35

Келісілген О.Ажибеков